In the context of educational digitalization and the development of digital humanities, the use of electronic linguistic resources has become increasingly important in the pedagogical practice of linguists. One of the most significant resources in this regard is the Russian National Corpus (RNC), a large-scale digital platform of authentic written and spoken texts equipped with linguistic annotation and advanced search tools. This article explores the potential of the Russian National Corpus as a перспективный digital tool in the pedagogical activity of linguists. The study analyzes key areas of corpus application in teaching sections of the language, including lexicology, grammar, stylistics, and text analysis. Special attention is paid to the typology of corpus-based tasks and their role in developing students' research, analytical, and digital competences. The findings demonstrate that the integration of corpus technologies facilitates a shift from a reproductive teaching model to a research-oriented approach based on the analysis of real language data. The article also discusses methodological advantages and limitations of using the RNC in education, such as the need for didactic adaptation and teachers' digital literacy. The study concludes that the systematic integration of the Russian National Corpus enhances the quality of linguistic education.

Keywords: corpus linguistics, digital resources, pedagogical activity, linguist, corpus-based tasks.

Дата поступления статьи в редакцию: 11.02.2026

FTAMP 17.01.45
ӘОЖ 1751

<https://doi.org/10.46914/2959-3999-2026-1-1-51-58>

МАЗИНОВА А.Ж.,*¹

докторант.

*e-mail: a.mazinova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-2669-7479

ТАНЖАРИКОВА А.В.,¹

ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор.

e-mail: alua1973@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5575-9813

ИБРАЕВА А.Д.,¹

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: ibraevaizat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

АШКАРОҒЛУ В.,²

ф.ғ.д., профессор.

e-mail: vaskaroglu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7060-4139

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Гиресун университеті,

Гиресун қ., Түркия

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫН ОҚЫТУДА МИФТІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ КОГНИТИВТІК-РЕЦЕПТИВТІК ПСИХОЛОГИЯСЫ

Андатпа

Бұл мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік элементтердің интерпретациясын оқытуда когнитивтік-рецептивтік психологияның рөлі қарастырылады. Осы зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ әңгімелеріндегі (М. Мәлік «Бассыз бөрі», Қ. Түменбай «Иттің дауысы», А. Алтай «Киллер сауысқан», А. Мантай «Қабір гүлі», Е. Нұрахмет «Неке», Н. Қабдай «Сайтан») мифтік элементтерді талдау мен түсінудің психологиялық негіздерін когнитивтік-рецептивтік тәсіл арқылы ашып, оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеу. Зерттеу когнитивті поэтика (фреймдер, концептілер, схемалар талдауы) және рецептивті эстетика (оқырман қабылдауы) әдістерін біріктіретін интегративті когнитивтік-рецептивтік тәсілге негізделген. Зерттеу барысында көрсетілген қазіргі қазақ әңгімелерін оқыту үдерісінде оқырман санасының қабылдау (рецепция) және түсіну (когниция) механизмдері арқылы қарастырылатын мифтік элементтерді (архетиптер, символдар, мифологемалар) интерпретациялау ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ прозасындағы мифтік элементтердің типологиясы (зооморфтық архетиптер, жер-су мифологемалары, қайта құрылған сюжеттер) жүйеленді. Оқырманның оларды қабылдауының негізінде жатқан психологиялық механизм – дәстүрлі мәдени схемалар мен автордың оларды жаңғыртуы арасындағы когнитивтік диссонанс ашылды. Кезеңдерден (мифтік претексті белсендіру, когнитивтік диссонансты анықтау, интерпретациялық гипотеза құру, рефлексия) тұратын практикалық оқыту әдістемесі ұсынылды.

Тірек сөздер: қазіргі қазақ әңгімесі, мифопоэтика, интерпретация, когнитивтік-рецептивтік тәсіл, когнитивті психология, рецептивті эстетика, оқыту әдістемесі.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әңгімесі – дәстүр мен заманауилықтың өзара әрекеттесетін динамикалық кеңістігі. Жаңа форма мен жаңа мазмұн ішінде де авторлар ұлттық сананың терең қабат-

тарына – мифтік-фольклорлық матрицаға жиі жүгінеді [1, 2]. Бұл процесс оқырманның мәтінмен диалогын күрделендіреді және оның қабылдау (рецепция) және түсіну (когниция) механизмдерін белсендіреді [3]. Сондықтан зерттеу барысы қазіргі прозадағы мифтің қайта құрылуының психологиялық негіздерін ашып, оны оқытудың тиімді әдістемелік тәсілдерін ұсынады. Қазіргі қазақ прозасында мифтік ойлау жүйесі көркемдік танымның маңызды тетіктерінің біріне айналып отыр [4, 5]. Әсіресе шағын жанрдағы әңгімелерде мифтік элементтер авторлық дүниетанымды, ұлттық жад пен архетиптік бейнелерді жаңаша қырынан танытатын семиотикалық код ретінде көрінеді [6]. Бұл үрдіс тек әдебиеттанулық талдауды ғана емес, сонымен қатар оны оқыту барысында оқырман санасында қалай қабылданып, интерпретацияланатынын кешенді түрде қарастыруды қажет етеді. Бұл зерттеудің нысаны – М. Мәлік «Бассыз бөрі», Қ. Түменбай «Иттің дауысы», А. Алтай «Киллер сауысқан», А. Мантай «Қабір гүлі», Е. Нұрахмет «Неке», Н. Қабдай «Сайтан» сияқты қазіргі қазақ әдебиетіндегі әңгімелерді оқыту үдерісі. Құбылыс ретінде осы шығармалардағы мифтік элементтердің (архетиптер, символдар, сюжеттік модельдер) интерпретациясы қарастырылады. Талдау әдіснамасы ретінде когнитивтік-рецептивтік психология тұжырымдамалары қолданылады, яғни мифтік кодтарды оқушы санасының қабылдау (рецепция) және түсіну (когниция) механизмдері арқылы талданады [7].

Мақаланың мақсаты – қазіргі прозадағы мифтің қайта құрылуының психологиялық негіздерін ашып, оны оқытудың тиімді әдістемелік тәсілдерін ұсыну. Когнитивтік психология мәтін мазмұнының санада концептуалдану жолдарын түсіндірсе [8], рецепция эстетикасы оқырманның мағынаны белсенді түрде құрастырушы ретіндегі рөлін айқындайды [9].

Қазақ әдебиеттануында оқырманның қабылдау, түсіну мәселелерін зерттеуге бірқатар ғалымдар үлес қосты. Олардың қатарында М.Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Қирабаев, Д. Ысқақұлы, Р. Нұрғали, Қ. Жанпейісова, С. Қондыбай, А. Исмакова және басқа да зерттеушілер бар. Сонымен қатар рецепция эстетикасы туралы В. Изер, Х.Р. Яусс еңбектерінде, архетип теориясы К. Юнгтің зерттеулерінде зерделенген.

Дегенмен соңғы жылдардағы зерттеулер осы бағыттың әлі де өзектілігін растайды. Мысалы, Ж.С. Сыздықованың 2024 жылғы диссертациялық жұмысы заманауи қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтикалық аспектілерге арналған [10]. 2024 жылы жарияланған М.С. Сабыржанованың «Тюркская мифология в повести Е. Турсунова «Келин» мақаласы мифологиялық мотивтердің қазіргі прозадағы қайта өңделуін талдайды [11]. 2025 жылғы Р.А. Маткеримованың «Элементы геопоэтики в казахстанской и тувинской литературе XX-XXI вв.» мақаласы кеңістіктің мифологиялық кодтарын зерттейді [12]. «Қазіргі мистикалық шығармалардағы тотемдік бейнелердің трансформациясы» сияқты жұмыстар нақты әңгімелер («Бассыз бөрі» т.б.) арқылы мифтік бейнелерді талдайды [13]. Сонымен қатар мифтік архетиптерді зерттеудің заманауи әдістеріне Е. Хуатбекулы (2023), Л.С. Шарапова (2025), Т.Д. Венедиктованың (2025) мақалаларында әдеби прагматиканың даму жолдары, оқырманның мәтінмен өзара әрекеттесу механизмдерінің жүйелі қарастырылуы біздің талдауымызға теориялық негіз бола алады [14, 15, 16].

Қазіргі әдебиеттануда мифопоэтика мәселесі жеткілікті зерттелгенімен, мифтік элементтердің оқыту процесіндегі интерпретациясы мен оның психологиялық негіздері арнайы қарастырылған еңбектер аз. Осы тұрғыдан алғанда, мифтік элементтердің интерпретациясы когнитивтік және рецептивтік механизмдердің ерекшеліктері мақалада зерделенеді. Әдеби мәтінді қабылдауды, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік элементтердің интерпретациясын оқытудағы когнитивтік-рецептивтік психологияны айқындауды нақты мысалдармен дәлелдеуге тырысамыз.

Материалдар мен әдістер

Мақалада когнитивтік-рецептивтік тәсілдің теориялық негіздері; мифтік архетиптер мен мифологемалардың интерпретациясы; когнитивтік поэтика және тілдік талдаудың психологиялық түсіндірмесі; когнитивтік-рецептивтік оқыту моделі ұсынылады.

Когнитивтік психология тіл мен ойлау процестерін, білімнің ментальдық құрылымдарын (схемалар, фреймдер, концептер) зерттесе, рецептивтік эстетика мәтіннің оқырман тарапынан қабылдануына, оның шешіміне назар аударады. Бұл екі тәсілді (когнитивтік-рецептивтік

тәсілдің) біріктіру мәтіндегі мифтік элементтерді оқырман санасы қалай таниды, оларға қандай мәдени-тарихи схемалар арқылы мағына береді және осы процесс шығарманың жалпы интерпретациясын қалай өзгертетінін түсінуге мүмкіндік береді. Миф – бұл жеке тәжірибені ұжымдық, архетиптік түрге келтіретін когнитивтік құрал. Оны қабылдау кезінде оқырман өзінің білім базасындағы мәдени коды (қазақ мифологиясы, фольклоры) мен жеке тәжірибесін жұмысқа қосады. Когнитивтік поэтика көркем мәтіндегі бейнелерді концепт, фрейм, сценарий ұғымдары арқылы түсіндіреді. Мифтік образдар – адам санасында бұрыннан қалыптасқан әмбебап концептілердің көрінісі. Осы концептілер оқырман санасында белсендіріліп, интерпретация жүзеге асады.

Нәтижелер мен талқылау

Когнитивтік-рецептивтік тәсілдің теориялық негіздерін талдауда рецепция эстетикасының негізін салған Х.Р. Яусс [7] көркем мәтіннің мәні оқырманның қабылдау көкжиегімен байланыста айқындалатынын көрсетеді. Ал В. Изер [9] оқырманды «мағына жасаушы субъект» ретінде қарастырады. Демек, мифтік элемент мәтінде дайын күйінде берілмей, оқырман санасында қайта құрастырылады. Оқыту барысында тіл мен ойлау процестері студенттің мәдени жады, фольклорлық білім қоры, діни-мифологиялық түсінігі интерпретация сапасына тікелей әсер етеді. К. Юнгтің [18] архетип теориясы бойынша мифтік бейнелер ұжымдық бейсаналықта сақталған әмбебап модельдер. Бұл архетиптер көркем мәтінде символдық формада көрініс табады. Әсіресе оқыту барысында архетиптерді ашу студенттің терең қабылдауына мүмкіндік береді.

Когнитивтік поэтика көркем мәтіндегі бейнелерді концепт, фрейм, сценарий ұғымдары арқылы түсіндіреді. Мифтік образдар – адам санасында бұрыннан қалыптасқан әмбебап концептілердің көрінісі. Осы концептілер оқырман санасында белсендіріліп, интерпретация жүзеге асады.

Таңдалған шығармалардағы мифтік элементтер және когнитивтік-рецептивтік психологияны байланыстыра отырып, мифтік элементтердің рөлі мен когнитивтік-рецептивтік психологияның негізгі принциптеріне тоқталып өтейік. Миф – жеке тәжірибені ұжымдық архетиптік формаға айналдыратын когнитивтік құрал. Оны қабылдау кезінде оқырман өзінің мәдени жадындағы фольклорлық кодтар мен жеке тәжірибесін іске қосады [1, 17].

К. Юнгтің архетип теориясы бойынша мифтік бейнелер ұжымдық бейсаналықта сақталған әмбебап модельдер болып табылады [18]. Бұл архетиптер көркем мәтінде символдық формада көрініс табады [4]. Зерттеу мақаламыздағы қарастырылатын әңгімелердегі мифтік элементтер: «бассыз бөрі» – архетиптік бейнелер; «иттің дауысы» – мифтік символизм; «киллер сауысқан» – мифтік трансформация; «қабір гүлі» – өлім-тірілту мифологемасы; «неке» – инициациялық миф; «сайтан» – мифтік оппозициялар.

Когнитивтік поэтика мен тілдік талдаудың психологиялық түсіндірмесі Қазіргі әңгімелердегі мифтік элементтердің типологиясы және оларды қабылдау механизмдерін зерттеу нысанындағы әңгімелер бойынша топтап көрсетсек, мынадай төрт тақырыпқа топтастыруға болады:

- ♦ Зооморфтық архетиптер және олардың когнитивтік трансформациясы: «Бассыз бөрі» (қасқыр), «Иттің дауысы» (ит/күзетші) шығармаларындағы хайуанаттар жай ғана бейне ретінде емес, мифологиялық санада тамыр жайған архетиптер ретінде пайда болады. Мысалы, қасқыр – рух, қорғаушы (теңір), ал оның «бассыздығы» дәстүрлі құндылықтардың бүгінгі күнде «денесіз», мәні жоғалғандығын білдіруі мүмкін. Оқырман бұл бейнені қабылдағанда, оның санасындағы «қасқыр» фреймі (ерлік, өшпенділік, еркіндік) белсенделіп, ол автордың берген «бұрмаланған» нұсқасымен салыстырылады, нәтижеде парадоксальды, күрделі мағына туады. «Иттің дауысы» – иттің мифологиялық санадағы күзетшілік символы ретіндегі фреймі оқырманға белгілі. Әңгімедегі оның «дауысы» және трагикалық тағдыры осы фреймді бұзып, дәстүрдің бүлінуі, ар алдындағы жауап туралы идеяны когнитивтік деңгейде түсіндіреді.

- ♦ Жер-су, өмір мен өлім мифологемаларының рецепциясы: «Қабір гүлі» әңгімесі жер мен ата-бабалар рухының арасындағы мифологиялық байланысты қозғайды, өлім мен өмірдің арақатынасы, жердің құт беретін қасиеті туралы архаикалық идеяны жаңа контекстке көшіреді. Оқырман үшін бұл өте эмоционалды рецепцияны тудырады, өйткені ол өзінің тұңғыш қауіп-қатер (табу) схемасын іске қосады.

♦ Мифтік сюжеттердің қайта құрылуы және интертекстілік: «Киллер сауысқан», «Сайтан» сияқты әңгімелерде миф ертегілік не шамандық модельдер емес, гротеск, ирония, абсурд тілі арқылы көрініс табады. «Киллер сауысқанда» қанатты мифологиялық кейіпкер (сауысқан) заманауи «киллер» рөлінде пайда болады. Бұл когнитивтік диссонанс тудырады: білім схемалары (сауысқан – әдеби түсінікте ауызбірлігі жоқ, алауыздық символ) жаңа ақпаратпен (киллер – өлтіруші) сәйкестендіріледі. Осы қайшылықты шешу процесінде оқырман автордың әлеуметтік сынын, заманның құбылмалылығын түсінеді. «Сайтан» – бұзғыш рух туралы дәстүрлі түсініктің қазіргі қалалық фольклор контекстіндегі қайта қарастырылуы.

♦ Рухтар, табиғат үсті арқылы этикалық категорияларды түсіну: «Иттің дауысы», «Неке» шығармалары арқылы адамның табиғатқа, өзгеге қатынасының этикалық нормалары қарастырылады. «Иттің дауысындағы» ит – рухтың нұсқаушысы, көне нанымдағы киелі жануар ретінде қабылданады. Оның «дауысымен» адамның ұлуы, үруі – рухани ар алдындағы өкініш, оңашадағы ақталу, қорқынышты білдіреді. Оқырман бұл символды түсіну үшін мифтік ойлаудағы хайуанаттардың тілін білу мотивінің схемасын жүзеге асырады. «Неке» – жұбайлық өмірдің сынақ кезінде уақытша көзбояушылығы мен ішкі жалғандықты көтере алмауын түсіндіреді.

Енді осы қабылдау механизмдеріне қарай топтастырылған әңгімелердің теориялық негіздерін когнитивтік-рецептивтік психологизм аспектісінде талдаймыз.

«Бассыз бөрі» әңгімесінде қасқыр бейнесі мифтік архетип ретінде көрінеді. Қасқыр – түркі дүниетанымында тотемдік мәнге ие киелі аң. Бассыз бөрі образы – жойылған рухани тұтастықтың символы [13]. С. Қондыбай мифті «ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы» деп анықтайды. Қасқыр бейнесінің түркі дүниетанымындағы тотемдік сипаты туралы қасқырды «рух пен қорғаушы күштің символы» ретінде сипаттайды [1, 59 б.]. Осы тұрғыдан «Бассыз бөрі» әңгімесіндегі бейне дәстүрлі архетиптің трансформацияланған нұсқасы ретінде қабылданады. Когнитивтік аспект арқылы оқырман санасында «қасқыр» концептісі автоматты түрде белсенеді: еркіндік, күш, тәуелсіздік. Ал «бассыз» эпитеті бұл концептіні бұзып, трагедиялық фрейм қалыптастырады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер бұл образды ұлттық тарихтағы үзік-үзік жадпен байланыстыра интерпретациялайды [5]. Нәтижесінде мәтін әлеуметтік-экзистенциалдық деңгейде қабылданады.

«Иттің дауысы» әңгімесінде ит бейнесі дәстүрлі мифологиялық санада шекаралық кеңістікпен (тірілер мен өлілер әлемі) байланысты архетип ретінде көрінеді. Түркі мифологиясында ит – күзетші, табалдырық иесі, о дүниемен байланыстырушы медиатор [19]. Иттің мифологиялық санадағы күзетші, медиатор ретіндегі қызметі қазақ фольклортануында кең талданған [17, 2]. Сондықтан «Иттің дауысы» әңгімесіндегі ит образы экзистенциалдық мазасыздықтың символына айналады. Когнитивтік аспект арқылы оқырман санасында «ит» концептісі адалдық, қорғау, сақтық фреймдерін белсендіреді. Ал «дауыс» компоненті есту арқылы қабылданатын белгі ретінде жасырын қауіпті, белгісіздікті мензейді. Нәтижесінде «ішкі өкініш, ақталу» фреймі қалыптасады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер бұл әңгімені экзистенциалдық мазасыздық, жалғыздық және рухани үрей категориялары арқылы интерпретациялайды [10]. Ит дауысы адамның ішкі қорқынышының метафорасына айналады.

«Киллер сауысқан» әңгімесінде сауысқан – мифологияда хабаршы құс. Әңгімеде ол өлім мен қасіреттің белгісі ретінде трансформацияланған. Когнитивтік аспект арқылы «құс» концептісі – еркіндік, хабар, көк пен жерді байланыстыру. «Киллер» сөзі бұл концептіні инверсиялап, агрессия фреймін тудырады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер сауысқанды қоғамдағы зорлық-зомбылықтың символы ретінде қабылдайды. Мифтік бейне әлеуметтік метафораға айналады.

«Қабір гүлі» әңгімесінде гүл бейнесі өлім мен өмірдің шекарасындағы мифтік символ ретінде көрінеді. Дәстүрлі мифологияда гүл – қайта туу, мәңгілік айналым, рухани жаңғыру белгісі [11]. Когнитивтік аспект арқылы оқырман санасында «гүл» концептісі әсемдік, нәзіктік, өміршеңдік фреймдерін белсендіреді. Ал «қабір» сөзі бұл концептіге қарама-қарсы мағына жүктеп, бинарлық оппозиция (өмір – өлім) тудырады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер бұл образды адамның өткінші өмірі мен рухтың мәңгілігі арасындағы философиялық толғаныс ретінде интерпретациялайды [12].

«Неке» әңгімесінде неке – мифологияда ғарыштық үйлесімнің, ер мен әйел бастамасының бірлігі [19]. Когнитивтік аспект арқылы «неке» концептісі бірлік, тұтастық, жарасым фреймдерін белсендіреді. Мәтінде бұл ұғымның бұзылуы дисгармония фреймін қалыптастырады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер әңгімені дәстүрлі құндылықтардың күйреуі туралы философиялық мәтін ретінде түсінеді.

«Сайтан» әңгімесінде сайтан – әмбебап зұлымдық архетипі [1, 215 б.]. Когнитивтік аспект арқылы зұлымдық – азғыру – таңдау фреймдері іске қосылады. Рецептивтік аспект арқылы студенттер сайтанды адамның ішкі «көлеңкесі» ретінде қабылдайды (Юнг теориясы бойынша) [18].

Әңгімелерді жекелей талдау нәтижесінде қазіргі қазақ прозасындағы мифтік элементтердің типологиясы (зооморфтық архетиптер, жер-ру мифологемалары, қайта құрылған сюжеттер) жүйеленді. Оқырманның оларды қабылдауының негізінде жатқан психологиялық механизм – дәстүрлі мәдени схемалар мен автордың оларды жаңғыртуы арасындағы когнитивтік диссонанс ашылды.

Зерттеу нәтижелері мифтік элементтерді оқыту барысында когнитивтік-рецептивтік модельді қолдану мәтінді қабылдау сапасын арттыратынын көрсетеді. Төменде ұсынылатын модель қазіргі қазақ прозасын оқытуда тиімді әдістемелік құрал бола алады.

Кесте 1 – Когнитивтік-рецептивтік интерпретацияның кезеңдік оқыту моделі

№	Кезең атауы	Мақсаты	Негізгі әрекеттер	Қолданылатын ұғымдар
1	Алғашқы қабылдау	Мәтінді тұтастай түсіну, эмоциялық әсер қалыптастыру	Мәтінді толық оқу, алғашқы әсерді белгілеу, оқырманның эмоциялық реакциясын анықтау	Эмоция, әсер, интуитивтік қабылдау
2	Мифтік кодты тану (айқындау)	Мәтіндегі мифтік құрылымдарды анықтау	Символдарды табу, архетиптерді тану, мифологемаларды жіктеу	Символ, архетип, мифологема
3	Когнитивтік белсендіру (өңдеу)	Мәтіндегі мағыналық құрылымдарды саналы түрде өңдеу	Концептіні айқындау, фрейм құру, сценарийді анықтау	Концепт, фрейм, сценарий
4	Интерпретация	Мәтіннің терең мағынасын ашу	Жеке интерпретация жасау, топтық талқылау	Авторлық мағына, оқырмандық мағына
5	Рефлексия	Оқырманның өзіндік ұстанымын қалыптастыру	Өзіндік пікір жазу, мәдени салыстыру жүргізу	Рефлексия, мәдени код, интертекст
Ескертпе: Авторлармен [4, 5, 6, 7] дереккөздер негізінде құрастырылған.				

1-кестеде кезеңдерден (мифтік претексті белсендіру, когнитивтік диссонансты анықтау, интерпретациялық гипотеза құру, рефлексия) тұратын практикалық оқыту әдістемесі ұсынылды. Бұл тәсіл мәтіннің ұлттық-мәдени кодтарын тереңірек түсінуге ықпал ететіні және оқушыларда күрделі әдеби талдау дағдыларын қалыптастыратыны дәлелденді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік элементтерді интерпретациялау оқырманның когнитивтік және рецептивтік психологиялық механизмдері арқылы жүзеге асады. Мифтік кодтар студент санасында бұрыннан қалыптасқан архетиптік концептілерді белсендіре отырып, мәтін мағынасын терең деңгейде ұғынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік элементтерді интерпретациялау оқырманның когнитивтік және рецептивтік психологиялық механизмдері арқылы жүзеге асады. Мифтік кодтар студент санасында бұрыннан қалыптасқан архетиптік концептілерді белсендіре отырып, мәтін мағынасын терең деңгейде ұғынуға мүмкіндік береді. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі

мифтік элементтер – бұл жай сюжеттік көркемдік емес, ұлттық сананың тарихи тереңдігін көрсететін және оқырманның когнитивтік-рецептивтік аппаратымен тікелей әрекеттесетін маңызды құрылымдар. Олар дәстүрлі схемаларды жаңа шындықпен тексеруге, заманауи мәселелерді архаикалық тәжірибенің тілімен сөйлетуге мүмкіндік береді. Осы әңгімелерді оқытуда когнитивтік-рецептивтік тәсілді қолдану студенттерге мәтіннің терең қабаттарына енуге, мифтік ойлау мен заманауи әдебиет арасындағы байланысты түсінуге және ұлттық мәдени кодтарды саналы түрде талдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Зерттелген әңгімелердің әрқайсысы мифтің қайта тууы мен қайта құрылуының бірегей үлгісін ұсынады, бұл қазақ прозасының әлемдік әдеби процестермен ұласқандығын және сонымен бірге өзіндік сананың ерекшелігін сақтағанын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қондыбай С. Мифология: таңдамалы шығармалар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 4-т. – 520 б.
- 2 Ысқақұлы Д. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ана тілі, 2012. – 300 б.
- 3 Жұмағұлов Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2015. – Б. 102.
- 4 Исмакова А.Қ. Қазіргі қазақ прозасы: поэтика мен стиль. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 312 б.
- 5 Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі модернизм және постмодернизм. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – Б.12–47.
- 6 Қирабаев С. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 256 б.
- 7 Jauss H.R. Toward an Aesthetic of Reception. Minneapolis: University of Minnesota Press, 1995. P. 89–90.
- 8 Төлеубекова Ә. Когнитивтік лингвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 б.
- 9 Iser W. The Act of Reading. London: Routledge, 2001. P. 112–115.
- 10 Сыздыкова Ж.С. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтикалық аспектілер: филол. ғыл. кандидаты дисс. – Алматы, 2024. – Б. 3–34.
- 11 Сабыржанова М.С. Тюркская мифология в повести Е. Турсунова «Келин» // Nit. Tuva. Asia. – 2024. – № 4 (15). – Б. 45–52.
- 12 Маткеримова Р.А. Элементы геопоэтики в казахстанской и тувинской литературе XX–XXI вв. // Современная филология: теория и практика. – 2025. – Т. 18. – № 1. – С. 112–120.
- 13 Әбдірахман А. Қазіргі мистикалық шығармалардағы тотемдік бейнелердің трансформациясы (М. Мәлік «Бассыз бөрі» мысалында) // Әдебиет және өнер. – 2023. – № 7. – Б. 78–85.
- 14 Хуатбекулы Е. Әдеби прагматика және мәтін-оқырман диалогы // Қазақ әдебиеттануы. – 2023. – № 2. – Б. 22–31.
- 15 Шарапова Л.С. Экзистенциальные мотивы в современной литературе // Евразийский научный журнал. – 2025. – № 1(48). – Б. 33–40.
- 16 Венедиктова Т.Д. Когнитивная поэтика на новом витке: на перекрестке литературы и психологии // Вестник МГУ. Сер. 9. Филология. – 2025. – № 2. – С. 94–105.
- 17 Жанпейісова Қ. Қазақ мифологиясы және қазіргі әдебиет. – Алматы: Елтаным, 2017. – 240 б.
- 18 Jung C.G. Archetypes and the Collective Unconscious. Princeton: Princeton University Press, 1991. P. 210.
- 19 Қазақ мифологиясы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2021. – Б. 122–205.

REFERENCES

- 1 Qondybai S. (2008) Mifologia: tañdamaly şyğarmalar. Almaty: Daik-Pres. 4-t. 520 p. (In Kazakh)
- 2 Ysqaquly D. (2012) Qazaq fõklorynyñ tipologiasy. Almaty: Ana tılı. 300 p. (In Kazakh)
- 3 Jūmağūlov Q. (2015) Ādebietti oqytu ādistemesi. Almaty: Bılım. P. 102. (In Kazakh)
- 4 İsmakova A.Q. (2020) Qazırgı qazaq prozası: poetika men stil. Almaty: Qazaq universiteti. 312 p. (In Kazakh)
- 5 Ābdimanūly Ö. (2010) Qazaq ādebietindegi modernizm jāne postmodernizm. Almaty: Qazaq universiteti. P. 12–47. (In Kazakh)
- 6 Qirabaev S. (2012) Täuelsızdıq дәuіrindegi ādebiet. Almaty: Qazyğürt. 256 p. (In Kazakh)
- 7 Jauss H.R. (1995) Toward an Aesthetic of Reception. Minneapolis: University of Minnesota Press. P. 89–90. (In English)
- 8 Tõleubekova Ā. (2016) Kognitivtık lingvistika negızderi. Almaty: Qazaq universiteti. 220 p. (In Kazakh)
- 9 Iser W. (2001) The Act of Reading. London: Routledge. P. 112–115. (In English)

- 10 Syzdykova J.S. (2024) Qazırgı qazaq ańǵımelerindeǵı mifopoetikalyq aspektuler: filol. ǵyl. kandidatıy diss. Almaty. P. 3–34. (In Kazakh)
- 11 Sabyrzhanova M.S. (2024) Tjurkskaja mifologija v povesti E. Tursunova «Kelin» // Nit. Tuva. Asia. No. 4 (15). P. 45–52. (In Russian)
- 12 Matkerimova R.A. (2025) Jelementy geopojetiki v kazahstanskoj i tuvinskoj literature HH–XXI vv. // Sovremennaja filologija: teorija i praktika. T. 18. No. 1. P. 112–120. (In Russian)
- 13 Ąbdırahman A. (2023) Qazırgı mistikalyq ıyǵarmalardaǵy totemdik beinelerdıń transformasıasy (M. Mälik «Bassyz böri» mysalynda) // Ądebiet jäne öner. No. 7. P. 78–85. (In Kazakh)
- 14 Huatbekuly E. (2023) Ądebı pragmatika jäne mätın-oqyrman dialogy // Qazaq Ądebıettanuy. No. 2. P. 22–31. (In Kazakh)
- 15 Sharapova L.S. (2025) Jekzistencial'nye motivy v sovremennoj literature // Evrazijskij nauchnyj zhurnal. No. 1(48). P. 33–40. (In Russian)
- 16 Venediktova T.D. (2025) Kognitivnaja pojetika na novom vitke: na perekrestke literatury i psihologii // Vestnik MGU. Ser. 9. Filologija. No. 2. P. 94–105. (In Russian)
- 17 Janpeisova Q. (2017) Qazaq mifologiasy jäne qazırgı Ądebiet. Almaty: Eltany. 240 p. (In Kazakh)
- 18 Jung C.G. (1991) Archetypes and the Collective Unconscious. Princeton: Princeton University Press. P. 210. (In English)
- 19 Qazaq mifologiasy. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2021. P. 122–205. (In Kazakh)

МАЗИНОВА А.Ж.,*¹

докторант.

*e-mail: a.mazinova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-2669-7479

ТАНЖАРИКОВА А.В.,¹

д.ф.н., ассоциированный профессор.

e-mail: alua1973@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5575-9813

ИБРАЕВА А.Д.,¹

к.ф.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ibraevaazat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

АШКАРОГЛУ В.,²

д.ф.н., профессор.

e-mail: vaskaroglu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7060-4139

¹Казахский национальный педагогический

университет им. Абая,

г. Алматы, Казахстан

²Университет Гиресун,

г. Гиресун, Турция

КОГНИТИВНО-РЕЦЕПТИВНАЯ ПСИХОЛОГИЯ МИФИЧЕСКИХ ЭЛЕМЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ИНТЕРПРЕТАЦИИ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗОВ

Аннотация

В этой статье рассматривается роль когнитивно-рецептивной психологии в обучении интерпретации мифических элементов в современных казахских историях. Цель данного исследования – проанализировать и осмыслить мифические элементы современных казахских рассказов (М. Малик «Безглавый волк», К. Тюменбай «Собачий голос», А. Алтай «Сорока-киллер», А. Мантай «Могильный цветок», Е. Нурахмет «Бракосочетание», Н. Кабдай «Дьявол»), раскрыть основы когнитивно-рецептивного подхода и разработать эффективную методику обучения. Исследование основано на интегративном когнитивно-рецептивном подходе, который сочетает в себе методы когнитивной поэтики (анализ фреймов, концептов, схем) и рецептивной эстетики (восприятие читателем). В процессе обучения современным казахским рассказам, показанным в ходе исследования, предлагается интерпретация рассматриваемых мифических элементов (архетипов, символов, мифологем) через механизмы восприятия (рецепции) и понимания (когниции) сознания читателя. В результате исследования систематизирована типология мифических элементов в современной казахской про-

зе (зооморфные архетипы, мифологемы жер-су, реконструированные сюжеты). Выявлен психологический механизм, лежащий в основе восприятия их читателем – когнитивный диссонанс между традиционными культурными схемами и их воспроизведением автором. Предложена методика практического обучения, состоящая из этапов (активация мифического протекса, выявление когнитивного диссонанса, построение интерпретирующей гипотезы, рефлексия).

Ключевые слова: современный казахский рассказ, мифопоэтика, интерпретация, когнитивно-рецептивный подход, когнитивная психология, рецептивная эстетика, методика обучения.

MAZINOVA A.ZH.,*¹

doctoral student.

*e-mail: a.mazinova@turana.edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-2669-7479

TANZHARIKOVA A.V.,¹

d.ph.s., associate professor.

e-mail: alua1973@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5575-9813

IBRAEVA A.D.,¹

c.ph.s., associate professor.

e-mail: ibraevaiazat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-8015-8593

ASHKAROGLU V.,²

d.ph.s., professor.

e-mail: vaskaroglu@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7060-4139

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,

Almaty, Kazakhstan

²Giresun Universitesi,

Giresun, Turkiye

COGNITIVE-RECEPTIVE PSYCHOLOGY OF MYTHICAL ELEMENTS IN TEACHING THE INTERPRETATION OF MODERN KAZAKH STORIES

Abstract

This article discusses the role of cognitive-receptive psychology in teaching the interpretation of mythical elements in modern Kazakh stories. The purpose of this study is to reveal the psychological foundations of the analysis and understanding of mythical elements in modern Kazakh stories (M. Malik “Headless Bory”, K. Tumenbay “The Voice of the dog”, A. Altai “Killer Saus”, A. Mantay “Grave flower”, E. Nurakhmet “Marriage”, N. Kabday “Saitan”) through a cognitive – receptive approach and develop an effective teaching methodology. The study is based on an integrative cognitive-receptive approach that combines the methods of cognitive poetics (analysis of frames, concepts, schemes) and receptive aesthetics (reader perception). In the process of teaching modern Kazakh stories shown in the course of the study, it is proposed to interpret the considered mythical elements (archetypes, symbols, mythologems) through the mechanisms of perception (perception) and understanding (cognition) of the reader’s consciousness. As a result of the study, the typology of mythical elements in modern Kazakh prose (zoomorphic archetypes, Earth-su mythologems, reconstructed plots) was systematized. The psychological mechanism underlying the reader’s perception of them – the cognitive dissonance between traditional cultural schemes and the author’s reproduction of them-is revealed. A practical learning methodology was proposed, consisting of stages (activation of the mythical pretexts, identification of cognitive dissonance, construction of interpretive hypotheses, reflection).

Keywords: modern kazakh story, mythopoetics, interpretation, cognitive-receptive approach, cognitive psychology, receptive aesthetics, teaching methods.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 09.02.2026

**REQUIREMENTS FOR THE DESIGN OF ARTICLES PUBLISHED
IN THE EURASIAN JOURNAL OF CURRENT RESEARCH
IN PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY**

Manuscripts are accepted in Kazakh, Russian and English through the official website of the journal (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>), which provides with the detailed instructions for authors about the process of submitting articles, as well as publication fees.

The text of the article must be typed in **WINWORD XP** or *. RTF (Reach text format). **Times New Roman** font, size **14**, the text must be typed in one interval and not exceed **12** pages.

IRSTI, UDC and **JEL** are printed in the upper left part of the sheet.

Then, in the upper right part of the sheet, the author's surname and initials, place of work, academic degree and title, name of the country and city, and e-mail are printed in three languages (Kazakh, Russian, and English). If there are several authors, indicate the main author of the article (with the*sign). In the middle of the sheet, **the name of the manuscript** is printed in capital letters, followed by **key words** (5–7 words, including no more than two phrases) in three languages. Then there is the text that should be printed without hyphenation, observing the following field sizes: left-30 mm, right-10 mm, top-15 mm, bottom-20 mm. The paragraph indent begins with the third character. Formulas must be given in the **formula editor** application (Microsoft Equation). **Tables, figures, and diagrams** are printed without fills.

In the text, references to the literature used are given in **square brackets**, the list of references is printed at the end of the article comprising 5-15 titles. The reference presented in the Cyrillic alphabet is given in two versions – in the original and in the Romanized alphabet (**transliteration** – <http://www.translit.ru>).

A short abstract (150-200 words, 14 size) should be given in three languages after the list of references, which indicates the purpose of the article and the research methods used. Then **the title of the article** is also printed in three languages.

Authors of the journal should adhere to the following requirements concerning the structure of the article in accordance with the headings (**title, abstract, key words, introduction, materials and methods, results, discussion, conclusion, information about funding (if available), references, transliterated list of references**).

The headings of the structural elements of the article should be given in bold.

The text of the article must be original, not previously published anywhere.

The article is subjected to “blind” review, the reviewers are appointed by the Editorial board of the journal.

At the end of the article, please indicate your full name, return address, phone numbers, fax, and e - mail address.

The author (s) is/are responsible for the content of the article. The opinion of the Scientific and Editorial Board does not always coincide with the opinion of the author (s). The Editorial Board reserves the right to publish or reject articles.

In order to identify and prevent scientific plagiarism, in accordance with the “Regulations on the organization of activities for the identification and prevention of scientific plagiarism at Turan University”, the Editorial board of the journal checks articles submitted for publication for anti-plagiarism.

A link to our publication is required when reprinting it.

Our address: **050013, Almaty, Satpaev ave. 16a, Turan University**

Phone: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**

Website: <https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>

Editorial board

**EURASIAN JOURNAL OF CURRENT RESEARCH
IN PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY ЖУРНАЛЫНДА ЖАРИЯЛАНАТЫН
МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Материалдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде журналдың ресми сайты (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>) арқылы қабылданады, онда авторларға мақалаларды жіберу үдерісі, сондай-ақ ақы төлеу туралы толық нұсқаулық бар.

Мәтін **WINWORD XP** немесе*. **RTF (Reach text format)** форматында терілуі тиіс. **Times New Roman** шрифт, **14** кегль. Жазба мәтіні бір жол аралығы арқылы теріліп, **12 беттен** аспауы тиіс.

Парақтың үстінгі сол жақ бұрышында **FTAMI, ӘОК** және **JEL** жазылады.

Одан әрі, парақтың оң жақ жоғары бөлігінде автордың тегі мен инициалдары, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі мен атағы, ел мен қала атауы, e-mail үш тілде сөздер (қазақша, орысша және ағылшынша) жазылады, егер бірнеше автор болса – мақаланың негізгі авторын (* белгісімен) көрсетіңіз. Парақтың ортасына материалдың **атауы** бас әріптермен, одан әрі – **тірек сөздер** (5–7 сөз, екі сөз тіркесінен аспауы керек) үш тілде жазылады. Содан кейін мәтіннің келесі жиек мөлшерін сақтай отырып, **тасымалдаусыз** басу қажет: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 10 мм, үстінгі – 15 мм, астыңғы – 20 мм сақтай отырып тасымалсыз жазылады. Азат жол үшінші белгіден басталады. Формулалар тек **формалар редакторы (Microsoft Equation)** қосымшасында терілу керек. **Кестелер, суреттер және схемалар** қосымша бояуларсыз жазылады.

Мәтінде **квадрат жакшалар** ішінде қолданылған әдебиеттерге сілтемелер, ал **қолданылған әдебиеттер** тізімі мақала соңына 5-15 атау көлемінде жазылады. Кириллицада ұсынылған әдебиеттер екі нұсқада – түпнұсқада және романизацияланған алфавитте (**транслитерация** - [http:// www.translit.ru](http://www.translit.ru)) беріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімінен кейін мақаланың мақсаты мен қолданылған зерттеу әдістері көрсетілген **андатпа** (150–200 сөз, 14 кегль) үш тілде жазылады. Одан әрі мақаланың **атауы** үш тілде жазылады.

Журналдың потенциалды авторлары тақырыптарына сәйкес мақаланың құрылымы бойынша келесі ережелерді ұстануы тиіс (**атауы, андатпа, тірек сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылаулар, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса), әдебиеттер, транслитерацияланған әдебиеттер тізімі**).

Мақаланың құрылымдық элементтерінің тақырыптары қалың қаріппен көрсетілуі керек.

Мақала мәтіні еш жерде жарияланбаған түпнұсқалық нұсқада болуы тиіс.

Мақала жасырын рецензиялаудан өтеді, рецензенттерді журналдың редколлегиясы тағайындайды.

Мақаланың соңында толық аты-жөнін, кері мекенжайын, телефондарын, факсін, электрондық пошта мекенжайын (e-mail) көрсетуіңізді сұраймыз.

Мақаланың мазмұнына автор (авторлар) жауапты. Ғылыми-редакциялық кеңестің пікірі әрдайым автордың (авторлардың) пікірімен сәйкес келе бермейді. Редакциялық кеңес мақалаларды жариялау немесе қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

Ғылыми плагиатты анықтау және оның алдын алу мақсатында «Тұран» университетінде ғылыми плагиатты анықтау және оның алдын алу жөніндегі қызметті ұйымдастыру туралы ережеге» сәйкес журнал редакциясы жариялауға ұсынылған мақалаларды антиплагиат бойынша тексерістен өткізеді.

Біздің басылымға қайта басылған кезде сілтеме міндетті.

Біздің мекен-жайымыз: **050013, Алматы қ., Сәтпаев көш., 16А, «Тұран» университеті.**

Анықтама телефоны: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**

Сайт: **<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>**

Редакциялық алқа

**ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ
В ЖУРНАЛЕ EURASIAN JOURNAL OF CURRENT RESEARCH
IN PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY**

Материалы принимаются на казахском, русском и английском языках через официальный сайт журнала (<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>), в котором имеется подробная инструкция для авторов о процессе подачи статей, а также об оплате публикации.

Текст статьи должен быть набран в **WINWORD XP** или *. RTF (Reach text format). Шрифт **Times New Roman**, кегль **14**, текст должен быть набран через один интервал и не превышать **12** страниц.

В левой верхней части листа печатается **МРНТИ, УДК и JEL**.

Далее в правой верхней части листа печатаются на трех языках (казахском, русском и английском) фамилия и инициалы автора, место работы, ученая степень и звание, название страны и города, e-mail; если авторов несколько – указать основного автора статьи (знаком*). В середине листа прописными буквами печатаются **название** материала, далее – **ключевые слова** (5–7 слов, в том числе не более двух словосочетаний) на трех языках. Затем идет текст, который следует печатать **без переносов**, соблюдая следующие размеры полей: левое – 30 мм, правое – 10 мм, верхнее – 15 мм, нижнее – 20 мм. Абзацный отступ начинается с третьего знака. Формулы набирать только в приложении – **редактор формул (Microsoft Equation)**. **Таблицы, рисунки и схемы** печатаются без заливок.

В тексте в **квадратных скобках** даются ссылки на использованную литературу, **список литературы** печатается в конце статьи в количестве 5–15 наименований. Литература, представленная на кириллице, дается в двух вариантах – в оригинале и романизированным алфавитом (**транслитерация** – <http://www.translit.ru>).

После списка литературы должна быть **аннотация** (150–200 слов, 14 кегль) на трех языках, в которой указываются цель статьи и использованные методы исследования. Далее печатается **название статьи** также на трех языках.

Потенциальные авторы журнала должны в соответствии с заголовками придерживаться следующих правил по структуре статьи (**название, аннотация, ключевые слова, введение, материалы и методы, результаты, обсуждение, заключение, информация о финансировании (при наличии), литература, транслитерированный список литературы**).

Заголовки структурных элементов статьи должны быть выделены жирным шрифтом.

Текст статьи должен быть оригинальным, ранее нигде не опубликованным.

Статья проходит «слепое» рецензирование, рецензенты назначаются редколлегией журнала.

В конце статьи просим указать Ф.И.О. полностью, обратный адрес, телефоны, факс, адрес электронной почты (e-mail).

Ответственность за содержание статьи несет автор (авторы). Мнение Научно-редакционного совета не всегда совпадает с мнением автора (авторов). Редакционный совет оставляет за собой право публикации или отклонения статей.

В целях выявления и предотвращения научного плагиата в соответствии с «Положением об организации деятельности по выявлению и предотвращению научного плагиата в университете «Туран» редакцией журнала проводится проверка на антиплагиат статей, представленных для публикации.

Ссылка на наше издание при перепечатке обязательна.

Наш адрес: **050013, г. Алматы, ул. Сатпаева, 16А, университет «Туран».**

Телефон для справок: **8(727) 260-40-18, 260-70-00.**

Сайт: **<https://ejcrpp.turan-edu.kz/jour/index>**

Редакционная коллегия

**EURASIAN JOURNAL OF CURRENT
RESEARCH IN PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY
(EJCRP&P)**

**Scientific and practical journal
№ 1(14) 2026**

Computer layout: Zhuikova M.A.
Proofreader: Skuratova I.M.

Signed to the press on 12.02.2026
Offset paper No. 1,62 x 84/16. Density 80g/m².
Conditional printed sheets 8,0 Conditional publishing sheets 8,3
Circulation 500 copies
Order No. 29

Editorial Office address:
The original layout was prepared by the editorial and
publishing Department of Turan University

г. Алматы, ул. Сатпаева, 16А, университет «Туран».
Тел.: 260-40-18, 260-70-00.

ДЛЯ ЗАМЕТОК

ДЛЯ ЗАМЕТОК
